

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 мамырдағы N 507 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы " Астық туралы " Заңына, " Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ішкі нарықты реттеу мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатылатын астық ресурстарынан 2008 жылғы 1 қыркүйекке дейін 195000 (бір жүз тоқсан бес мың) тонна азық-түліктік астықты сатуды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов